



МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2025 жылдың сәуір айының 4 күні Ә.Бөкейханов атындағы орта мектебінің базасында бейнелеу өнері арқылы білім алушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін дамытуға, бейнелеу өнері арқылы олардың кәсіби бағдарларын ынталандыруға жағдай жасау мақсатында «**Бояулар күпиясы**» атты жас суретшілердің аудандық байқауы өткізілетінін хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы, орта, қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары қатыса алады.

Осыған орай байқау ережесі қосымша жолданады.

Ескерту: аудандық байқауға қатысатын оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік жетекшілеріне жүктеледі. Бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтары болуы міндетті.

Қосымша: 3 парақта

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.А.Сванов



«БЕКІТЕМІН»

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.А.Сванов

14 ақпан 2025 жыл

**«Бояулар құпиясы» атты жас суретшілердің
аудандық байқауын өткізу ережесі
ЕРЕЖЕСІ**

1. «Бояулар құпиясы» атты жас суретшілердің мектепшілік байқауын өткізу ережесі (бұдан әрі – Байқау) оның мақсатын, міндеттерін, анықтайды.

2. **Байқаудың мақсаты:** бейнелеу өнері арқылы білім алушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін дамытуға, бейнелеу өнері арқылы олардың кәсіби бағдарларын ынталандыруға жағдай жасау.

3. Байқаудың міндеттері:

- жас суретшілердің эстетикалық, гуманистік және патриоттық сезімдерін, әлемдік және отандық көркем мәдениеттің дәстүрлеріне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу;

- қосымша көркемдік білім беруді дамыту, білім алушының тұлғасын тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытудағы балалар көркемөнер мектептерінің рөлін арттыру;

- шығармашылықпен айналысатын педагогтерді ақпараттық қолдау, көркем шығармашылық саласындағы балалармен жұмысын жетілдіру мақсатында білім беру ұйымдары педагогтарының тәжірибе алмасуы.

- байқауды мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталығы Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының тапсырысы бойынша өткізеді.

2. Байқауды өткізу уақыты және орны

4. Аудандық байқау **2025 жылдың 4 сәуір күні Ә.Бөкейханов атындағы орта мектебінің базасында өткізіледі.**

Байқауға қатысатын үміткерлердің сұранысы 2025 жылдың 2 сәуір күніне дейін дейін «Өнер мектебінің» oner.mektebi.07@mail.ru электронды поштасына жолдаулары тиіс.

Байқауға қатысатын оқушылар өздерімен бірге А-3 форматынан кіші емес көлемінде қағаз, кенеп, картон және планшеттерін (мальберт) әкелуі қажет.

Бояу құралдарына шектеу қойылмайды. Жұмысты қалаған техникамен орындауға болады. Оқушылар сол жерде отырып салуы керек. Жұмыс көлемі А-3 форматта.

Байланыс телефоны: 87714911804

5. Өтінімге қоса мыналар тіркеледі:

1) қатысушылар туралы мәлімет (аты-жөні, туылған жылы, сыныбы, оқу орны мен білім беру ұйымының мекенжайы, тұрғылықты жерінің мекенжайы, телефон,

номинация, топ жетекшісінің аты-жөні, жұмыс орны, қызметі, байланыс телефондары);

3. Байқауға қатысушылар

6. Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 12-17 жас білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады.

- 12-14 жас кіші топ –1 оқушы;
- 15–17 жас жоғары топ –1 оқушы.

7. **Ескерту:** аудандық байқауға қатысатын оқушыларды алып бару, алып келу және оқушылардың өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілік білім беру мекемелерінің басшыларының бекіткен бұйрығымен жетекшілеріне жүктеледі. Бекітілген жетекшілердің қолында ата-аналардың келісім-парақтары болуы міндетті.

4. Байқаудың шарттары мен тәртібі

8. Бұқаралық іс-шараларға қатысу арқылы көркем өнерді насихаттау, балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру үшін байқау екі кезеңде өткізіледі.

9. Бағалау критерийлері:

- бірегейлігі;
- тақырып мағынасының тереңдігі мен берілуі;
- идеяны іске асыруға креативті көзқарас;
- көркем шеберлік негіздерін меңгеру.
- күрделілік дәрежесі;
- ойдың бірегейлігі;
- көркемді мәнерлілік (композициялық және түсті шешім);
- сындарлы шешімнің бірегейлігі.

10. Кәсіби әділқазылар алқасы жұмыстарды байқау өлшем шарттарына сәйкес 10 баллдық жүйе бойынша бағалайды. Әділқазылар алқасының шешімі хаттамада толтырылады.

5. Байқау қатысушыларын марапаттау

11. Жеңімпаздар жас ерекшеліктері бойынша Бас жүлде, I, II, III орын дипломдар мен арнайы сыйлықтармен марапатталады.

**«Бояулар құпиясы» жас суретшілердің
облыстық байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

№ п/п	Қатысушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	сын ыбы	Тұратын мекен-жайы, (индекс, облыс, қала, ауыл, үйдің, пәтердің №, телефоны)	Білім беру ұйымының аталуы, сыныптан тыс ұйым, сыныбы немесе аталуы	Педагогт ің аты- жөні, қызметі.	байланыс телефоны
Жас санаты 12-14 жас							
Жас санаты 15-17 жас							

Жұмысқа аңдатпа

Ұйым _____

Номинацияның аталуы _____

Ұсынылатын жұмыстың аталуы _____

Автордың тегі, аты, әкесінің аты _____

Жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты _____

Қысқа сипаттамасы _____

Негізгі сипаттамасы _____